

География-Тарих

Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Еуропадағы ірі теңіз порттары

- A) Гамбург, Чикаго, Сингапур
- B) Гавр, Нагоя, Дакар
- C) Щецин, Александрия, Кобе
- D) Марсель, Владивосток, Поти
- E) Роттердам, Лондон, Гамбург

2. Б.з.д. III ғасырдың соңында құлаған Цинь патшалығының орнына келген мемлекет

- A) Тан
- B) Минь
- C) Шан-Инь
- D) Хань
- E) Чжоу

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар

3. Мұғалжар тауының пайдалы қазбалары

- A) боксит
- B) кобальт
- C) темір
- D) әктас
- E) қорғасын
- F) хромит

4. 1446 жылы Әбілқайыр хан Атбасар маңында Мұстафа ханды тас-талқан етіп жеңген соң басып алған қалалары

- A) Үзкент
- B) Созақ
- C) Аққорған
- D) Түркістан
- E) Аркөк
- F) Жент
- G) Сығанақ
- H) Отырар

Мәнмәтіндік тапсырмалар

1-мәнмәтін

Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Адамзат қоғамының тарихында азық-түліктің жетіспеушілігі байқалып отырған. Оған түрліше себептер әсер еткен.

Адамзаттың қоршаған табиғи ортамен қарым-қатынасының түп негізінде тіршілік арқауы болып табылатын азық-түлік өндіру үрдісі жатыр.

1. Дамушы елдердің халқына тән

- A) жеміс-жидектерді молынан пайдалану
- B) белгілі бір тағам түрін көбірек пайдалану
- C) дәрумендері мол өсімдіктерді пайдалану
- D) тамыржемістілерді азырақ пайдалану
- E) энергетикалық құндылығы жоғары дақылдарды пайдалану

2. Азық-түлік өнімдерін экспортқа шығаратын елдердің бірі

- A) Куба, Гаити
- B) Финляндия, Венгрия
- C) Ауғаныстан, Малайзия
- D) Лаос, Корея
- E) Сальвадор, Канада

3. Индонезия елі азық-түлікпен қамтамасыз етілу дәрежесіне қарай жататын тобы

- A) азық-түлік жетіспейтін, бірақ оны сырттан сатып алу мүмкіндігі бар елдер
- B) жан басына шаққанда азық-түлікпен қамтамасыз етілу жағдайы төмен елдер
- C) азық-түлік өндірісі жергілікті сұранысты әрең қамтамасыз ететін елдер
- D) азық-түлік жетіспейтін, бірақ өзін-өзі қамтамасыз ету үшін су және жер ресурстарын қарқынды игеріп жатқан елдер
- E) азық-түлік өнімдерін экспортқа шығаратын елдер

4. Ғаламдық азық-түлік проблемасына әсер ететін негізгі фактор

- A) азық-түлік өндіріс жергілікті сұранысты әрең қамтамасыз етуі
- B) көлік және байланыс құралдарының дамуы
- C) азық-түлік өнімдерін экспортқа шығаруы
- D) азық-түлік жетіспейтін, бірақ оны сырттан сатып алу мүмкіндігінің болуы
- E) техникалық құрал-жабдықтардың жетіспеуі

5. Гватемала тұрғындары тіршілікке қажетті энергияның 70%-ын неден алады

A) жүгеріден

B) күріштен

C) бататтан

D) картоптан

E) ямстан